

**«Тілеу-Қабак» әлеуметтік бастамалар  
және қолдау қоры» қоғамдық қорының  
Президиумның отырысында  
БЕКІТІЛГЕН**

Төраға \_\_\_\_\_ Даулетияр С.Ә.

«\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_ 2021 ж

**«Шабьт өрені» атты жас ақындар мүшәйрасының ережесі**

**1. Жалпы ақпарат**

Осы ереже Сансызбай Құттыбайұлының поэзиясына арналған еліміздің барлық аймақтарынан 14 пен 20 жас аралығындағы жас ақындардың арасында мүшәйра өткізу тәртібі мен шарттарын реттейді.

**2. Мүшәйра мақсаты**

- Республика жастарының еліне, туған жеріне, қазақ халқына деген сүйіспеншілік пен патриоттық сезімдерін ояту;
- жас ақындардың поэзиясы арқылы көпшіліктің назарын қазақ тілінің байлығына, сұлулығына және тереңдігіне бұру.

**3. Мүшәйра міндеттері**

- дарынды жас таланттарды анықтап, қазақ әдебиетінің дамуына үлес қосуына қолдау көрсету;
- гуманистік және патриоттық бағыттағы поэзияны дамыту;
- мүшәйра қорытындыларын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау.

**4. Мүшәйра кезендері**

Мүшәйра үш кезеңнен тұрады. Бірінші және екінші кезендер сырттай, сайт арқылы өтеді. Үшінші кезеңге өткен қатысушылар Алматы қаласына шақырылады.

- 1- кезең: (22.03.2021 – 18.04.2021) өтінімді, бейне жазбаны жіберу;
- 2- кезең: (23.04.2021 – 10.05.2021) өз өлеңдерін жолдау;
- 3- кезең: (21.05.2021 – 23.05.2021) бетпе-бет бәсекелестік, марапаттау.

**5. Мүшәйра талаптары**

Мүшәйраға қазақ тіліндегі бұрын жарияланған немесе ешқашан жарияланбаған поэзиялық шығармалардың авторлары қатыса алады.

Бірінші кезеңде үміткерлер қатысу өтінімді және ақын Сансызбай Құттыбайұлының шығармаларынан жатқа 10-12 шумақтан аспайтын өлеңін (немесе үзіндісін) оқып шығып, оның бейне жазбасын ережеде көрсетілген электрондық поштаға жіберуі тиіс.

Әділқазылар алқасы шешімімен бірінші кезеңнен өткен қатысушылар екінші кезеңге қатысуға шақырылады.

Екінші кезеңде қатысушылар 10-12 шумақтан тұратын өз таңдауы бойынша келесі тақырыптағы поэзиялық туындысын жазып жолдауы тиіс (*Microsoft Word* файл форматында):

- 1) Туған жерім;
- 2) Ұлттық сезім;
- 3) Армандарым.

Әділқазылар алқасы шешімімен екінші кезеңнен өткен қатысушылар үшінші кезеңге қатысуға шақырылады.

Үшінші кезеңде өткен қатысушылар Алматы қаласында орналасқан Нұр-Мүбәрәк университетінің сахнасында өздерін таныстырып (2-3 минут), екінші кезеңде жіберген өз өлеңдерін мәнерлеп оқиды (3-5 минут).

Әділқазылар алқасы берген бағаларға сәйкес екінші кезеңде белгіленген 3 тақырып бойынша 3 жүлде және Бас жүлде орындарын анықтайды, шешімдерін салтанатты түрде жариялайды (15-20 минут).

## **6. Мүшәйра ұйымдастырушысы**

«Тілеу-Қабак қоры» әлеуметтік бастамалар және қолдау қоғамдық қоры».

Қазылар құрамына белгілі жазушылар мен ақындар кіреді.

## **7. Мүшәйра 21-23.05.2021 ж. қорытындыланып, жүлдегерлер марапатталады.**

Мүшәйра жүлделері төмендегідей:

**Бас жүлде (біреу) - 200 мың теңге;**

**Бірінші жүлде (үшеу) - 150 мың теңге;**

**Екінші жүлде (үшеу) - 75 мың теңге;**

**Үшінші жүлде (үшеу) - 40 мың теңге.**

Мүшәйра жеңімпаздары I, II, III дәрежелі дипломмен марапатталады. Үшінші кезеңге өткен қатысушыларға Алматы қаласында жату орны мен тамағы қамтамасыз етіледі, қатысудың растау қағазы (сертификат) беріледі.

Жүлделі орынға ие болған жас ақындардың шығармалары 12 айдың ішінде бөлек кітапшамен басылып шығарылуы мүмкін (оған ынталары болса).

## **Ескертулер:**

Іріктелген шығармаларды мүшәйра сайтында жариялау үшін өтінімде автор жазбаша келісімін (және/немесе заңды өкілдері) беру керек.

Кәмілетке толмаған қатысушылардың атынан өтініштер, жеке куәлік мәліметтері көрсетіле отырып заңды өкілдері жолдауы тиіс.

Мүшәйра қатысушылары үшінші тұлғалардың авторлық құқықтарын бұзғаны үшін дербес (және/немесе заңды өкілдер) жауап береді.

Мүшәйраға дінге қарсы және экстремистік сипаттағы, адамдардың ар-намысы мен абыройына нұқсан келтіретін, балаларға жағымсыз кері әсер ететін материалдарды жариялауға жол берілмейді.

**Байланыс мәліметтері:**

Мүшәйра ережесі, шығармашылық туындылармен танысу, өткізу кезендерінің қорытындыларын жариялау сайты: [santore.kz](http://santore.kz)

Өтініштің үлгісін [santore.kz](http://santore.kz) сайтынан жүктеуге болады.

Өтініштерді тапсыруға және жұмыстарды жолдауға арналған электрондық пошта: [santore.poesy.kz@gmail.com](mailto:santore.poesy.kz@gmail.com)

Байланыс телефондары: +7 705 201 0290 Рауан Нарынбай

+7 747 376 9668 Айдын Нарынбай

**Ұйымдастыру комитеті**